

БӨЛІМ: ЖАҢАЛЫҚТАР

Жаңа оқу жылынан бастап ЖОО оқытушыларының жалақысы 20-30 пайызға өседі

ЖАРИЯЛАНДЫ
28.07.2020СІЛТЕМЕ
<https://bilimger.kz/78895/>

АННОТАЦИЯ / АҢДАТПА

Жаңа оқу жылынан бастап ЖОО оқытушыларының жалақысы 20-30 пайызға өседі :scroll: Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың Ұлттық сенім кеңесінің отырысында берген тапсырмасына сәйкес ЖОО-дағы грант құнын өсіру туралы Үкімет қаулысы...

Жаңа оқу жылынан бастап ЖОО оқытушыларының жалақысы 20-30 пайызға өседі

:scroll: Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың Ұлттық сенім кеңесінің отырысында берген тапсырмасына сәйкес ЖОО-дағы грант құнын өсіру туралы Үкімет қаулысы қабылданды.

Бұл шара ҚР БҒМ қарасты жоғары оқу орындарындағы екі мәселені шешуге мүмкіндік береді:

:round_pushpin: жоғары оқу орындарындағы профессорлық-оқытушылық құрамның жалақысын өсіру;

:round_pushpin: университеттердегі материалдық-техникалық базаны нығайту.

2019-2020 оқу жылында жоғары оқу орындарында оқытушылардың жалақысы орта есеппен 20 пайызға өскен болатын.

Ал 2020-2021 оқу жылында оқытушылар жалақысы шамамен 21-32 пайызға дейін көтерілетін болады.

@edu_news_qz

ҚМ АА Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі
© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.